

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.І, Ч.2 - С.112-115

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ ТИІМДІЛІК АУДИТІ

*Боранбаева М.2 курс студенті,
Жахметова А.К.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

Түйін Берілген мақалада қоршаған ортаға жалпы сипаттама және қоршаған ортаны қорғауда тиімділік аудитінің атқаратын қызметтері, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғаудың ең тиімді жолдары көрсетілген.

Кілтті сөздер: қоршаған орта, тиімділік аудит, экологиялық аудит.

Аннотация В данной статье описываются функции экологического аудита, а также наиболее эффективные природоохранные практики. Совокупность объектов окружающей среды, природных ресурсов, в том числе атмосферного воздуха, воды, почвы, животного мира и флоры.

Ключевые слова: окружающая среда, аудит эффективности, экологический аудит.

Resume This article describes the functions of environmental auditing, as well as environmentally sound practices. Environmental objects, including atmospheric air, water, soil, fauna and flora, the totality of natural resources.

Key words: environment, efficiency audit, environmental audit.

Қоршаған орта-табиғи объектілердің, атмосфералық ауаның, судың, топырақтың, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қоса алғанда табиғи ресурстардың жиынтығы. Қоршаған ортаны қорғау-қоршаған ортаның табиғи жағдайын жасарту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, табиғи байлықтарды сақтау және көркейту негізінде табиғат пен қоғамның өзара үйлесімді әрекетінен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралар жүйесі болып табылады.

1. П.Гизберттің айтуы бойынша: «Қоршаған орта-бұл барлық объектіні қоршап тұрған және оған тікелей әсер ететін нәрсе».

2. Э.Росстың айтуынша: «Қоршаған орта-бізге әсер ететін сыртқы күш». Осылайша, қоршаған орта айналамызды қоршаған және оған тікелей әсер ететін барлық құбылыстар жатқызамыз. Бізді қоршаған орта біздің өмірімізге, іс-әрекеттерімізге тікелей әсер етеді. Адамның қоршаған ортасы әртүрлі факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырайды, олардың ішінде жасанды, әлеуметтік, биологиялық факторлар болып табылады.


Әр елде өзінің қоршаған ортаны қорғау туралы Заңдары болады. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы Заңы 1997 жылы 15 шілдеде қабылданып, 89 баптан тұрады. Әр бапта қоршаған қорғау туралы алуан түрлі заңдар жазылған. Негізгілерін айта кететін болсақ, адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдылығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру. Алайда бұл заң Қазақстан Республикасының 2007 жылы 9 қаңтарда №212 Кодексімен күшін жойған болатын.

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіруге мемлекеттен бөлінген ақша-қаражатты тиімді бөлінгендігі туралы мемлекеттік аудит мамандығы елбасымыздың бұйрығымен ашылып, қолданысқа енгізілген болатын. Мемлекеттік аудиттің келесі типі-тиімділік аудиті.

Тиімділік аудиті-мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік нысанына бағалау және талдау болып табылады. Тиімділік аудитінің негізгі мақсаты мемлекет меншігіндегі мемлекеттік мүлікті үнемді пайдалану және бюджет қаражатының ең аз көлемін пайдалана отырып, белгіленген нәтижеге қол жеткізу. Тиімділік аудитінің бағыттарының бірі-қоршаған ортаны қорғау саласы. Қоршаған ортаны қорғау саласы-қоршаған ортаны қорғау мәселелерін реттейтін заңнама талаптарын зерделеуді және меңгеруді болжайды. Осы бағыт бойынша тиімділік аудитін жүргізу үшін арнайы білім мен дағдылар талап етілетіндігі белгілі. Бұған қоса осы бағыт бойынша тұрақты дамуды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет саясатын, сондай-ақ тиісті халықаралық шарттар мен конвенцияларды айқындау және іске асыру түсінігін зерделеу және сарапшылар уәкілетті органдардың, барлық тартылған заңды және жеке тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму бойынша қолданылатын саясаты мен практикалары, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында құзыреттерді, өкілеттерді және жауаптылықтарды бөлу бөлігінде хабардар болуы тиіс.


Экология геология және табиғи ресурстар министірлігі жарты жыл бұрын құрылған болатын. Оның құзыретіне жататын басты бағыттар мыналар: қоршаған ортаны қорғау, геология, су ресурстары, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі. Аталған бағыттын әр қайсысы қоғам үшін, ел болашағы үшін маңызы зор салалар болып табылады.

Қазіргі таңда 45 елді мекеннің 2,5млн тонна ауа массасы ластанғандығы белгілі. Бұл жергілікті тұрғындардың таза ауамен тыныс алуына кедергі жасайды.



1-сурет. Атмосфераға ластаушы газдардың шығарылуы (млн. тонна)

Атмосфералық ауаның ластануы жоғарғы деңгейдегі қалаларға Нұр Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Балхаш, Өскемен жатады. Қоршаған ортадағы теріс әсерлерді төмендетудің құралы мемлекеттік экологиялық бақылау болып табылады. Осылайша 11 айда шамамен 2000-ға жуық тексеру жұмыстары жүргізілген болатын.



2-сурет. Жүргізілген тексерулер мен анықталған бұзушылықтардың динамикасы

Нәтижесінде 4 мыңнан астам бұзушылықтар анықталғандығы белгілі болды. Сотқа бұл шаруашылық қызметті тоқтату туралы 337 материал жіберілді. Оның ішінде 194-і қанағаттандырылып, мемлекет кірісіне 12,5 млрд теңге аударылғандығын бұқаралық ақпарат құралдары хабарлайды.


2018 жылы Қазақстан Республикасында 2,8 млн тонна коммуналдық қалдықтар жиналды. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 5,4%-ға аз екендігін байқаймыз.



3-сурет. 2018 жылы Қазақстан Республикасында жиналған қалдықтар көрсеткіші

2018 жылы қоршаған ортаны қорғау саласына бағытталған инвестициялар өсімі байқалған болатын. Бұл көрсеткіштің жылдық өсімі 2,4 есе артты, 2017 жылы 32,5 млрд теңгеден 2018 жылы 80,2 млрд теңгеге дейін.

2019 жылдың сегіз айының қорытындысы бойынша қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар 74,6 млрд теңгені құраған болатын, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2 есеге артты.



4-сурет. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған қаражат (млрд теңге)

Қоршаған ортаға эмиссияны тиімді төмендету үшін жаңа экологиялық кодексте қолжетімді ең жақсы технологияларға көшу тетігі енгізілуде. Бұл жағдайда болашақта өнеркәсіп орындары технологиялық аудиттен өтіп, аудит қорытындысы бойынша оларға қажетті пайдалану технологиялары ұсынылады деп күтілуде. Бұл ретте тиісті қолжетімді технологияларды енгізген кәсіпорындар эмиссия үшін төлемнен босатылады. Егер олар ең жақсы қолжетімді технологияларға көшпеген жағдайда эмиссия үшін төлем ставкалары өсетін болады. Осы механизмнің арқасында ластаушы заттар көлемі 15 жыл ішінде 94%-ға қысқарған болатын.

Осылайша жаңа экологиялық кодекс еліміздің табиғатын қорғауға бағытталған. Табиғатты қорғау іш-шараларын экологиялық төлемдер есебінен 100% қаржыландырылатындығы көзделген болатын.

Кәсіпорындар озық қолжетімді технологияларды ендіруге көшуде. Нәтижесінде олар эмиссия үшін төлемнен босатылады, ал бұл жүйеге жаңартылмаса кәсіпорындар үшін эмиссия артатандығы белгілі болды.

Өндірістік-технологиялық процестердің экологиялық талаптарына сәйкестігін экологиялық аудит жүргізу кезінде анықталатындығы белгілі. Экологиялық аудит жүргізілген кезде қоршаған ортаға аудиттелетін субъектілердің әсері туралы есептіліктің дұрыстығын бақылайды. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іш-шараларды ұйымдастыруға қатысты ғылыми негізделген ұсыныстарды алу үшін экологиялық аудит кәсіпорын басшылығының шешімімен жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 201 жылғы 31 наурыздағы № 5 нормативтік қаулысы. /adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013647 /
2. Экологияның жай-күйі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі алдығы жоспарлар туралы.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 12 қазандағы № 238 бұйрығы.
4. /ecogofond.kz/kz/2018/10/26/32487/